

In this paper the author discusses about criminal policy in the sphere of economic activity and entrepreneurship. The article also classified as a crime in the sphere of economic activity in the Republic of Kazakhstan and in the developed Western countries. The issues of protection of business and entrepreneurship. As well as public support in this area.

Б.Т. Елубаева

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТАҒЫ ҚАЖЕТТІ ҚОРҒАНУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ

Қажетті қорғану – бұл қылмыстық құқықтың басқа институттары секілді, мемлекет және құқықпен қатар пайда болған және мемлекеттік, әлеуметтік сипаттағы бірқатар шарттарға байланысты дамыған құқықтық институт.

Қажетті қорғану әрдайым билік етуші класстардың мүддесі үшін қолданылды. Сондықтан қажетті қорғану ұғымы және оның заңды шарттары мен шегі тарихи даму процесінде өзгерістерге ұшырап, әлеуметтік–саяси құрылыстың ерекшеліктерін білдіріп отырды.

Н.В. Рейнгард қажетті қорғану туралы өзінің монографиясында: «қажетті қорғанудың өте ежелгі, трагедиялық мүддеге толы өз тарихы бар және өзінің беттерінде халықтың мәдениетін көрсетеді» деген [1,386.].

Профессор Шаргородскийдің айтуынша, ежелден бері қоғам үшін қауіп төндіретін әрекеттер қатарына адамның өмірін қию және дене жарақатын салу болды [2,96.].

Содан болар алғашқы қауымдық құрылыста әрбір тұлғаның өзінің құқықтарын қалпына келтіру және қорғау бойынша құқығы еш шектелген жоқ. Даудың дене күші мықты тұлғалардың жеңісімен шешілуі бекер емес, егер дене күші мықты тұлға шабуыл жасаған адамның жағында болса, онда екіншісі, яғни әлсізі үнсіз қалатын. Сондықтан алғашқы қауымда заңи түсінікте өзін-өзі қорғау құқығы туралы айту қиын. Әрине бұл жерде қажетті қорғанудың құқықтық институтын іздеу бекер болған еді [3,36.].

Енді осы жерде қажетті қорғанудың әртүрлі әлеуметтік-саяси құрылыстағы өз ерекшеліктеріне тоқталсақ.

1) Құлиеленуші мемлекеттердегі қажетті қорғану.

Қажетті қорғану ұғымы қылмыстық құқықтың пайда болуымен қалыптаса бастайды, яғни құлиелену қоғамында.

Құлиеленуші мемлекеттердің қылмыстық құқығы ежелгі халықтардың бірқатар заңдарында көрініс тапқан: Ману заңы (Үндістан), Ассирия заңы, Хаммураппи патшасының заңы және т.б.

Құлиеленуші мемлекеттердің қылмыстық құқығы құлиеленушілердің мүдделерін, жүйесін қорғады.

Ежелгі үндіс құқығындағы заңдардың бірі – Ману заңында қажетті қорғану туралы ұғым кездеседі [4,350б.].

Ману заңдары өзінің жеке қауіпсіздігі, әйелді және браминді қорғау үшін әрекет жасаған тұлғаны кінәлі деп танымаған. Ману заңдары бойынша қажетті қорғану әктісі ретінде шабуылшыны өлтіру, өз-өзін қорғау, сонымен қатар басқа тұлғаларды қорғау үшін, соның ішінде әйелдер мен браминдерді, рұқсат етілген. Оның үстіне мұндай сипаттағы кісі өлтіру қорғанушының құқығы ғана емес, сонымен қатар еш мүдірмей орындауға тиісті міндеті болып саналған. Ману заңдары тек өмірді қорғау кезінде қажетті қорғануды рұқсат еткен, ал мүлікті қорғау жөнінде ештеңе айтылмаған.

Мысыр заңдары бойынша қорғану тек құқық емес, ол үшінші тұлғаларға қатысты міндет болып та танылды. Осы заңдарға сәйкес кісі өлтіруді көріп тұрып, оны қорғауға мүмкіндігі бола тұра араша түспеген адам өлім жазасына кесілген. Жәбірленушіге көмек көрсету мүмкіндігі болмаған жағдайда ол бұл жағдай жөнінде сот билігін хабардар етуі тиіс болған, оны орындамаған жағдайда оған қатысты дене жарақатын салу (денесінен ұру) және үш күндік тамақтан айыру жазасына кесілетін болған.

Еврей заңдары мүлікті қорғау мүмкіндігін де белгілеген. Моисей заңдарында: «Егер кімде - кім ұрлық жасап жатқан адамды ұрып өлтірген болса, ол жазаға тартылмайды. Алайда таң атқанда өлтірсе, онда жазаға тартылады» делінген [5,32-б.].

Библия заңдары түнгі ұрыны өлтіруге рұқсат еткен. Күн шығысымен, көмектесе алатын көршілері оянатын уақытта, ұрыны өлтіруге тыйым салынатын. Күн шығыс кезінде өлтіру кек алу деп қарастырылды. Рим заңдылықтарында (XII кесте) да түнде түскен ұрыны өлтіруге рұқсат етілген. Сонымен қатар күндіз ұрлық жасап және ұстау кезінде қарулы қарсылық білдірген ұрыны өлтіруге де болған. Ежелгі Римде қажетті қорғану адамға тән табиғи құқық ретінде танылған. Қажетті қорғану ұғымына өте жақсы сипаттама, идея берген және дамытқан Ежелгі Римнің атақты ораторы, көрнекті

идеологы Марк Цицерон. Ол Милон ісі бойынша өзінің қорғау сөзінде былай деген болатын: «Кейбір жағдайларда адам өзінің өмірін сақтау үшін басқа біреудің өмірін қияды және мұндай жағдайлар аз емес...». Рим заңгерлері Цицерон сөздеріндегі қағидаларды басшылыққа ала отырып, екі негізгі шарт болған кезде ғана әрекет қажетті қорғану жағдайында жасалған болады деп есептеді. Олар: а) әділетсіз шабуыл және б) қауіптіліктен қашып құтыла алмау.

2) Феодалдық мемлекеттердің қылмыстық құқығындағы қажетті қорғану.

Феодализм тұсындағы билік етуші класс – феодал-крепостниктер – өзінің қылмыстық құқығын құрады және оның міндеті феодалдық меншікті қорғау және крестьяндардың қарсылықтарын басу болатын. Орта ғасыр заңдарындағы қажетті қорғану құқығы туралы ұғым ежелгі римдік заңгерлердің көзқарасынан біраз ерекшеленді.

А.А. Берлин жазғандай, «орта ғасырларда – тұлғаны басу, сансыз шектеулер орнату заманында, қажетті қорғану институтының әрі қарай дамуын іздеуіміз бекер болар еді» [6,56].

Орта ғасыр заңдарында қажетті қорғану құқығы туралы сан түрлі ережелерді кездестіруге болады. Кейбір заңдар ар - намысы мен мүлкін қорғау кезінде кісі өлтіруге рұқсат етсе, басқалары – өзінің өмірін қорғау кезінде кісі өлтіргені үшін жазаға ұшырады.

Феодализмнің қылмыстық құқығына тән құбылыс – әртүрлі класстар мен сословиелердің заң алдындағы теңсіздігі, осы кезеңдегі қажетті қорғану туралы заңдылықтарында да орын алды.

Феодалдық мемлекеттердің қылмыстық құқығындағы қажетті қорғануды Германияның заңды ескерткіштерінен толық байқауға болады. Бізге дейін герман тайпаларының варварлар ақиқаты деп аталатын көптеген заңдар жинағы жетті (VI ғасырдан бастап). Солардың ішінде аса қызығушылық тудырған варварлық ақиқаттардың ең ежелгісі, VI ғасырдың басына жататын «Салистік ақиқат» – франк корольдығының заңдар жинағы (Германия, Бельгия, Францияның бір бөлігі). «Салистік ақиқат» дәуірінде варварлар тайпалары арасында кек алу кең таралған және бұл жерде қылмыс жасаған адам мен жәбірленушінің арасындағы қатынасқа биліктің араласуы шектеулі болған.

Неміс құқығы қажетті қорғау ұғымын өзін-өзі қорғау ұғымынан ажыратқан, ал рим заңгерлері бұл екі ұғымды ұқсас ұғым ретінде қарастырған болатын. Қажетті қорғану жазаланбайтын кісі өлтіру немесе жарақат салу ретінде анықталған. Варварлық ақиқаттардағы қажетті қорғану мәселелері кісі өлтіру және дене зақымын келтіру туралы бөлімінде қарастырылған. Осындай варварлық ақиқаттардың бірінде кісіні өлтіргені үшін өлім жазасы белгіленеді делінген. Алайда келесі бабында, егерде кімде кім басқа біреудің зорлық шабуылына ұшырап, шабуылшыны өлтірсе, онда оған қатысты өлім жазасы қолданылмайды, бірақ қарсыласын өлтіргені үшін өзінің өсімінің (пеня) жартысын төлеуі тиіс болған. Германияда қажетті қорғану құқығының одан кейінгі дамуы Карл IV императорының Ережесінде көрініс тауып, Каролина деп аталды (Каролина 1532 жылы қабылданды, яғни 1525 жылғы шаруалар көтерілісінен кейін). Каролинада қажетті қорғану жан-жақты реттелді. Варварлық ақиқаттармен салыстырғанда Каролина қажетті қорғануды өмірге, ар намыс және мүлікке қатысты да белгіледі. Тек қажетті қорғану дәл сол кісі өлтіру жөніндегі бөлімде қарастырыла берді.

Каролинаның 139 - бабында: «Кімде-кім өзінің денесін, өмірін қорғау мақсатында шабуылшыны өлтірсе, ол ешкімнің алдында жауапты болмайды» делінген [7,436]. Сонымен қатар, Каролина өзінің абыройына қол сұққан адамды өлтірген әйелді, өзінің қызы мен әйелін қорғаған ер адамды, сонымен қатар басқа бір тұлғаның денесін, өмірін және мүлкін қорғау үшін шабуылшыны өлтірген адамды кінәлі деп танымаған. Сөйтіп, Каролина қорғану құқығының кең көлемін ұсынған. Каролинаның белгілеген қажетті қорғану құқығының кең көлемі жөнінде айта отырып, ол заңдардың кімдердің мүдделерін қорғағанын назардан тыс қалдырмауымыз керек. Бұл кезеңнің қылмыстық құқығы кең етек жайып бара жатқан ауыл тұрғындарының қарсылығымен күресуге және жалдамалы еңбек тәртібіне мәжбүрлеуге бағытталған болатын. Шаруалардың революциялық көтерулерінің салдары оларды аяусыз жазалаудан көрінді. Каролинаға жақсы сипаттама берген Ф. Энгельс былай деген болатын: «Каролинаның «құлақ кесу», «мұрын кесу», «көзін ою», «саусақтары мен қолын шабу», «басын шабу», «өртеп жіберу» және т.б. туралы айтылған ғибратты бөлімдерінің арасында мейірбан сеньордың өзінің шаруаларына өзінің қалауы бойынша қолдана алмайтын бөлімі жоқ. Шаруаға кім көмек бере алады? Сотта не үшін ақша алып отырғанын білетін барондар, поптар, патрицийлер мен заңгерлер отырды. Себебі империяның барлық ресми сословиелері шаруалардың соңғы сөлін сорып отырды». [8,357 б].

Кейін Гуго Гроций мен Пуффендорфтың ықпалымен қажетті қорғануды қолдану мүмкіндігінің аясы азая бастады. Олар қажетті қорғану адамдардың табиғи құқығы деген көзқарасты білдіреді және ол тек қауіп төнгенде және жеке басын қорғау үшін ғана қолданылуы тиіс деп санаған.

Олардан кейін бұл көзқарас батыс еуропалық заңдарда көрініс табады. А.Ф. Конидің айтуы бойынша, ол қажетті қорғануды формальды тұтастырмен орап, құқықтың өзін жарамсыз етті [9,256 б].

Генрих I (1090 – 1135 жылдары) басқаруы кезінде ағылшын заңдары қажетті қорғануды қожайынға қарсы қолдануға тыйым салды.

Грузияда Вахтанг VII патшасының (XVIII ғ.) заңдары бойынша қорғану құқығы шаруаларға тарамайтын артықшылық болды. Сөйтіп, мысалы, өзіне шабуылдаған адамды өлтіру үшін жаза қолданылмайды дей тұрып, заң шығарушы мынадай ескертпе жасайды, бұл заң қожайынның өз крепостнойына шабуылы жағдайында қолданылмайды делінген. Жоғарыда байқанымыздай, барлық аталған заң ескерткіштерінде қорғану құқығы үстемдік етуші таптың өкілдері үшін артықшылық құқығы ретінде болған. Екінші жағынан, біздің көріп отырғанымыз, төменгі сословие өкілінің жоғары сословие өкілінің тарапынан болған қылмыстық қол сұғушылығынан қорғанғаны жағдайында заң ең қатаң жазаны белгілеген.

Феодалды мемлекеттердің қылмыстық заңында қажетті қорғану құқығы крепостнойларға қатысты зорлық - зомбылық және тонау жасаған үстемдік етуші таптардың мүдделерін білдірді.

3) буржуазиялық қылмыстық құқықтағы қажетті қорғану.

Егер құлиеленуші және феодалдық мемлекеттердің қылмыстық заңдары заңдылықты тек қанаушыларға қатысты қамтамасыз ету үшін арналған болса, буржуазиялық мемлекеттердің қылмыстық құқығы өзінің мазмұны бойынша буржуазияның мүддесін қорғаушы бола тұра, формалды түрде барлық адамдардың мүдделерін қорғауды жариялады.

Феодализмнің құлдырауынан кейін пайда болған буржуазиялық қоғам класстардың қарама қайшылықтарын жоя алған жоқ, бірақ өзгеріске ұшыратты. Билікке жаңа класстар келіп, қанаушылықтың жаңа нысандары заңдастырылды. Буржуаздық қылмыстық заңдар капитализмді және буржуазияға тиімді тәртіптерді қорғап, барлық адамдардың заң алдындағы теңдігін формалды жариялады.

XVIII – XIX ғасырлар тоғысында буржуазияның билікке келуі, формалды демократияның қағидаларын жариялайтын қылмыстық кодекстерді құрумен танылды. Жеңіске жеткен буржуазияның ең алғашқы кодексі 1791 жылы қабылданған француздық Қылмыстық кодекс.

Буржуазиялық француздық революциямен қалыптасқан буржуаздық қоғам, Наполеон кезінде қабылданған кодекстерде өзінің заңды көрінісін тапты. Маркс және Энгельс бұл кодекстерді классикалық буржуаздық заңнаманың үлгілері деп есептеді.

XIX ғасырдағы буржуаздық мемлекеттердің классикалық қылмыстық кодекстерінің үлгісі Наполеон I 1810 жылы қабылдаған француздық Қылмыстық кодексі болып табылды. Буржуаздық қылмыстық құқық қылмыстық құқық саласында буржуаздық демократияның қағидаларын заңды түрде рәсімдеумен сипатталды. Буржуазиялық құрылыстың негіздерін қорғауға бағыттала отырып, ол адамдардың кәдімгі құқықтарын кепілдендіруге мәжбүр болды. Империализм дәуірінде капитализмнің қарама-қайшылықтары өз шегіне жеткен шақта, осы формалды және жартылай кепілдіктер, ол құрған заңдылықтар буржуазия үшін төзгісіз бола бастайды. Буржуаздық заңдылықты бұзу империализм саясатының негізгі белгілері болып табылады. Империализмге тән қасиеттер: жаза тағайындауда соттардың өкілеттігінің кеңеюі, буржуаздық құқықтық тәртіп үшін жоғары қауіптілікті тудыратын қылмыскерлерге қатысты қауіпсіздіктің ерекше шараларын енгізу болды. Алайда буржуазияның жаңа кезеңінде қылмыстық кодекстерден декларативті ережелерді алып тастау тиімді болмас еді. Осы жағдайды қажетті қорғану мәселелеріне арналған буржуаздық қылмыстық заңдарды қарау кезінде ескеру қажет. Жеңіс пен капитализмді орнату кезеңіндегі қылмыстық құқық билікке келетін буржуазияның қорғану құқығын кеңейту туралы идеологияны құптады. Қажетті қорғану шегін кеңейту және қорғануды жазаланбайтын әрекет ретінде тану көптеген қылмыстық кодекстерінде кең таралды. (Францияның 1791 жылғы Қылмыстық кодексі, Нью-Йорк штатының 1881 жылғы Қылмыстық кодексі, Швейцарияның 1937 жылғы Қылмыстық кодексі).

Қорғану құқығын кеңейту тенденциясы феодалдық заңдылық үшін тән әртүрлі шектеулерді жоюдан көрінді. Қорғану құқығын кеңейту тек қана жеке тұлғаға қатысты қол сұғушылықта емес, сонымен қатар қадір - қасиеті мен мүлкіне қол сұққанда қорғанудың заңдылығы танылды.

Осындай қажетті қорғану құқығын кеңейтумен байланысты XIX ғасырдың соңынан бастап, буржуаздық қылмыстық кодекстерде қажетті қорғану туралы қаулылар ерекше бөлімнен жалпы бөлімге көшіріледі. (Фельдштейн өзінің еңбегінде қажетті қорғану туралы оқу жалпы бөлімде алғаш рет 1813 жылы Бавар кодексінде орналасқандығын көрсеткен) [10,134 б].

Америкалық соттар полицияның адамдарды жазалау кезіндегі кісі өлтіруді құқыққа сай деп танып, полицейлердің әрекетін қажетті қорғану деп жариялайды. АҚШ-та қажетті қорғану туралы заңдар кісі өлтірушіні ақтау үшін қолданылмайды. Буржуаздық қылмыстық құқықта қажетті қорғану институтының үстемдік етуші таптардың мүдделерін қаншалықты білдіретіні, маңыздылығы төмен игіліктерді ең соңғы құралдармен қорғауға рұқсат ететінінен көруге болады. Мысалы, бақшадан алма

үзіп алмақшы болған баланы өлтіру, буржуаздық мемлекеттердің соттық тәжірибесінде қажетті қорғану жағдайында жасалған әрекет ретінде бағаланады.

Қажетті қорғану институтын тарихи аспектіде қарау, бізге қажетті қорғанудың әрекеттің қылмыс екенін жоятын мән-жай ретінде қарауға, сонау ежелден бастап, құлиеленушілік мемлекеттердің алғашқы заң ескерткіштерінде орын алғандығы жөнінде қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Соның ішінде: ежелгі индустардың Ману заңы, вавилон патшасы Хаммурапи заңдары, Ежелгі Рим заңдары – II кесте және т.б. Сол кезеңнің осы аталған және басқа да ескерткіштерінде қажетті қорғану туралы ұғым адамға тән табиғи құқығы өзін-өзі қорғауды танудан қалыптасты.

Тарихи қалыптасқандай, қоғам үшін қауіп тудыратын әрекеттер қатарына адамның өміріне, денсаулығына қол сұғу жатса, қажетті қорғану ұғымы теорияда да, заңдарда да өзінің өмірін және меншігін қорғаудан пайда болды. Қылмыстық заңның тарихы көрсеткендей, қажетті қорғану үстемдік етуші таптардың мүддесі үшін пайдаланылды. Соған орай, қажетті қорғану ұғымы да тарихи даму процесінде өзгеріп, әлеуметтік-саяси құрылыстың ерекшелігінің көрінісі болып табылды.

1. Рейнгардт Н.В. Необходимая оборона - Казань, 1898.
2. Шаргородский М.Д. Наказание по уголовному праву эксплуататорского общества - М., 1957.
3. Берлин А.А. Право необходимой обороны - Ярославль, 1911.
4. Эльманович С.Д. Законы Ману. - СПб., 1913.
5. Рейнгардт Н.В. Необходимая оборона. Казань, 1898.
6. Берлин А.А. Право необходимой обороны - Ярославль, 1911
7. Халиков К.Х. Об условиях правомерности необходимой обороны Известия АН КазССР - 1968. № 6.
8. Маркс.К.,Энгельс.Ф. Сочинения, 7 т.
9. Кони А.Ф. О праве необходимой обороны.- М., 1865.
10. Ткаченко В.И. Необходимая оборона по советскому уголовному праву. - М., 1979.

В статье излагается процесс возникновения института необходимой обороны в уголовном праве, и данный институт рассматривается как отражение особенностей социально-политического строя.

In the article occurrence of institute of necessary defense in criminal law is stated and the given institute is considered as reflection of features of a sociopolitical system.